7. Абай Өлеңдер / Алғы сөзін жазған Кәкітай.- Санкт-Петербург, 1909.-160 бет.
8. Аркашев С.Ф. Внешняя граница Семиречья: Естественно-исторический очерк.- Джаркент-Верный, 1909.- 74с.
9. Дулатов Міржақып Құлдар досы: Қолжазба.- Қ.б, 1909.- 28 б.
10. Дулатов Міржақып Оян, қазақ: Қолжазба.- Қ.б., 1909.- 113 б.
11. Карутц Р. Среди киргизов и туркмен на Мангышлаке.- Спб, 1909.- 228 с.
12. Көшімов Мұхаммед-Сәлім=مړيس دمحم فمړيشك. Сулу кыз = زق ولص / - Казань ; نازق : Типография Бр. Каримовы : مړيس دمحم فمړيشك, 1909. - 16 бет. - Араб жазуы.

13. Қисса-и Қозы Көрпеш.- Қазан: Б.Л.Домбровский матбәгәсі, 1909.- 16 б.
14. Қырық мысал /Орыс тілінен қазақ тіліне тәржімә еткен Ахмет Байтұрсынов. – Спб, 1909. – 116 б.
15. Предварительный отчет о ботанических исследованиях в Сибири и Туркестане в 1908 г. / Под ред. А.О.Флеров.- Санкт -Петербург, 1909.- 128 с.
16. Румянцев П.П. Киргизский народ в прошлом и настоящем.- СПб.: Переселенч. упр., 1909.- 66 с.

100 жыл

17. Киргизы.- Самара: Изд. Политотдела Турк. фронта, 1919.- 24 с.- (Народы Востока)

90 жыл

18. Аймауытов Жүсіпбек. Жаңа ауыл: [Сауатсыздықты жою жолдары].- Қызыл-Орда, 1929.- 216 б.
19. Аймауытов Жүсіпбек. Комплекспен оқыту жолдары: Мұғалімдерге, дайындалма курстарға, тәрбие техникумдарға көмек.- Қызыл-Орда: Қаз.баспасы, 1929.- 122 б.
20. Алаш-Орда: сб. документов / сост. Т.Мартыненко; предисл. У. Исаева.- Кзыл-Орда, 1929.- 169 с.
21. Ауэзов М.О. Новый ауыл: 2-я книга для чтения по русскому языку для казахских детей школ I ступени.- Кызыл-Орда: Казиздат, 1929.- 244 с. 22. Ауэзов М.О. Новый ауыл: Русский букварь для казахских детей.- Кызыл-Орда: Казиздат, 1929.- 115 с.
23. Баймағамбетов К. Кедей жыры.Өлеңдер жинағы.- Қызыл-Орда: Қазақстан, 1929.- 48 бет.
24. Байтұрсунов А. Тіл жұмсар.2-басылуы..- Қызыл-Орда,

- 1929.- 90 б.
25. Беғалиев Т. Есеп құралы.- Қызыл-Орда, 1929.- 76 б.
 26. Бекенов Е. Жалшы сәулесі: Әңгімелер.- Ташкент: Қазмембас, 1929.- 62 б.
 27. Бекенов Е. Жаңа жол бойында: Әңгімелер жинағы.- Қызыл-Орда: Қазмембас, 1929.- 94 б.
 28. Жансүгіров І Балаларға базарлық.- Казиздат, 1929.- 15б
 29. Жансүгіров Илияс Жаңа жолда (Түрксиб).- Қызыл-Орда: Қазбас, 1929.- 27 б.
 30. Жансүгіров Илияс Малта.- Қ.б.: Қазмембас, 1929.- 14 б.
 31. Жансүгіров Илияс Сықақ: Күлдіргі сықақ жинағы.- Қызыл-Орда, 1929.- 98 бет.
 32. Жолдыбаев М. Жаңа арна.- Алматы: Қазақстан баспасы, 1929.- 156 б.
 33. Казахстан. География Туркестано-Сибирская желез/дорога..- Москва: Туркестано-Сибирская Магистраль, 1929.- 320 с.
 34. Көкбай Ер Наурызбай: Көкбай шығармасынан / 1946 жыл жазып тапсырған Төлеутаева Қазына.- Б.ж., 1929.- 26 б.
 35. Майлин Бейімбет Кезінділер.- Алматы, 1929.- 65 б.
 36. Майлин Бейімбет Кесінділер.Ұсақ оқшаулардан: Сықақ әңгімелер.- Қызыл-Орда: Қазмембас, 1929.- 63 б.
 37. Мүсірепов Ғабит Махмұтұлы Қызыл әскер әліппесі.- Қызылорда: Қазбас., 1929.- 148 б.
 38. Мұстафин Ғ. Ер Шойын: Әңгімелер.- Қызыл-Орда: Қазкөркемәдеббас, 1929.- 103 б.- Мазм.: Ер Шойын; Шағатайдың шатағы; Еңбек бірлігі, Кек; Қашқын.
 39. Науырызбай дастаны / Жинаушы:С.Шәкіржанов;Айтушы. Әлежек Соқырұлы.- Б.ж., 1929.- 55бет
 40. Программа по изучению быта казаков (Казак-киргиз).- Б. м.: Казиздат, 1929.- 63 с.
 41. Сыздықов Ж. Еңбек жемістері.- Алматы, 1929.- 180 б.
 42. Тоғжанов Ғаббас Әдебиет және сын мәселелері: [Еңбекте С.Садуақасовтың әдеби сын жөніндегі пікірлері сыналады].-

- Қызыл-Орда: Қазмембас, 1929.- 191 б.
43. Тоқмағамбетов А. Тазалық тәрбие.(Суреттері Рейхтікі)..- Қызыл-Орда: Қазақстан, 1929.- 31 бет.
 44. Туркестано-сибирская магистраль.- Москва, 1929.- 320 с.
 45. Чеканинский И.А. Казахская поэма «Козу-Қурпеш и Баян Слу.- Семипалатинск, 1929.- 15 с
 46. Чеканинский И.А. Литература по вопросу восстания туземцев Средней Азии в 1916 году: Библиогр. заметка.- Семипалатинск, 1929.- 6 с.
 47. Шәріпов С. Нефть (Жер май-мұнай майы).- Орал, 1929.- 125 б.
 48. Шонанов Т. Самоучитель казахского языка для русских: (Практика и теория)..- Қызыл-Орда: Казгосиздат., 1929.- 122 стр.
 49. Шонанов Т. Сауаттан.- Қызыл-Орда, 1929.- 32 бет.
 50. Шонанұлы Т. Жаңалыққа жетекші.- Қызыл-Орда, 1929.- 36 б.

22 ҚАҢТАР

СЕЙІТОВ

Асылбек Жаманұлы



Асылбек Жаманұлы Сейітов 1894 жылы 22 қаңтарда Омбы қаласында Батыс Сібір генерал-губернатор аудармашысының отбасында дүниеге келген. Алаш қозғалысы қайраткерінің бірі. Ол алдымен орыс мектебінде, содан соң Омбының классикалық ерлер гимназиясында оқыды.

1911 жылы Омбы гимназиясын бітіріп, Том мемлекеттік университетінің медицина факультетіне оқуға түскен.

1916 жылы Ақмола уезінде ауылшаруашылығы бойынша санақ жұмыстары жүргізілгенде А. Сейітов оның оңтүстік бөлігі комиссиясын басқарады.

Оны 1917 жылы бітіріп, Павлодар облысындағы Баянауыл бекетінде дәрігер болып жұмыс істеді. Халық арасында жиі кездесетін сүзек, безгек, тырысқақ ауруларына қарсы медициналық көмек ісін ұйымдастырды. Сондай-ақ, осы жылдары қоғамдық саяси өмірге араласып, алдыңғы қатарлы зиялы қауымның қатарынан көрінді.

1917 жылы сәуірдің соңы мамырдың басында өткен Ақмола облыстық Қазақ съезінде алдымен хатшылыққа, съез соңында төрағаның орынбасарлығына сайланған.

Ал 1917 жылы Орынборда өткен бірінші жалпы қазақ съезіне катысып, онда ол төралқа құрамында М. Дулатовпен бірге хатшылыққа ұсынылады. Осы съезде А. Сейітов Ақмола облысы атынан Құрылтай жиналысына депутатыққа сайланған. Осы Құрылтайға сайланған депутаттарға баға берілгенде «Қазақ» газеті ол туралы: «Асылбек Сейітов - жас доктор, қыз мінезді, ақ қағаздан ақ, ұлтшыл жас.

Областной қазақ комитетінде председатель орынбасары» - деп жазған еді. А. Сейітов Алашорданың Ақмола облыстық комитеті басшыларының бірі бола отырып, ұлт-азаттық қозғалысына үлкен үлес қосты.


1921 жылы Орынборда өткен Қазақстан дәрігерлерінің съезіне, 1922 жылы Қазақ АКСР-і кеңестерінің съезіне делегат болып қатысты. Ол Баянауылда бас дәрігер қызметін атқарған.

1922 жылдан бастан 15 жыл бойы Семей қаласындағы губерниялық денсаулық сақтау басқармасының бастығы болып жұмыс істеді. Семей облысында туберкулезді емдейтін «Ауыл» және «Березовка» санаторийлерін ашуға атсалысты (ол емдеу орындары осы күнге дейін жұмыс істейді).

1937 жылы Қазақ КСР-і Денсаулық сақтау халық комиссариатының жоспарлау-қаржылау бөлімінің меңгерушісі, Алматы қаласындағы № 5 емхананы алғаш ұйымдастырушылардың бірі және оның бас дәрігері болды. Оның «Таң» журналы беттерінде жарияланған публицистикалық мақалалары бар.

1937 жылы 1 желтоқсанда ұсталып, 8 желтоқсанда ату жазасына кесілді. Оның туған бауырлары Мұсылманбек және Мұратбек те «Алаш» партиясының мүшелері ретінде репрессияға ұшырады

15 АҚПАН

ТОҚТЫБАЕВ**Иса**

Тоқтыбаев Иса (15.2.1894-1997, Тереңөзек ауданы қазіргі Сыр-дария ауданы Қызылорда облысы) – қоғам қайраткері.

1904-1917 ж. Перовскідегі орыс-қазақ мектебінде, бастауыш орыс училищесінде оқып, Ташкенттегі мұғалімдер семинариясын бітірген. 1922-1925 ж. «Шолпан» журналының, «Ақ жол» газетінің редакторы, Ақтөбе жер басқармасының бастығы, Семейдегі «Қазақ тілі» газетінің редакторы, Орынбордағы педагогикалық институттың директоры және жұмысшы факультетінің меңгеруші қызметтерін атқарды.

1929-1930 ж. Қазақ АКСР Халық ағарту комиссарының орынбасары. 1930-1932 ж. Ленинград (Санкт-Петербург) педагогикалық институтының аспиранты, Қызыл Профессура курсына тыңдаушы болды.

1932-1933 ж. Ленинградтағы Шығыс халықтары курсының ректоры және саяси академияның СОКП тарихы бойынша лекторы болды.

1933-1936 ж. қуғын-сүргінге ұшырап, түрмеде отырды. 1936 жылы В. Куйбышевтің көмегімен босап шықты. 1937 ж. Ленинградтағы КСРО халықтарының этнограф музейінде бөлім меңгерушісі қызметінде болды.

1938-1947 жылы екінші рет қамауға алынып, Коми АКСР-інде түрмеде отырды. 1947 жылы түрмеден босап, Тереңөзекке оралады.

1949-1957 ж. үшінші рет ұсталып, Красноярск өлкесіне жер аударылды. 1957 жылы ақталып елге қайтты.

1958-1964 жылдары Қызылорда қаласындағы өлкетану музейінің ұйымдастырушысы әрі директоры болды. Қаладағы бір көшеге есімі беріліп, өзі тұрған үйге құрмет тақтайшасы орнатылған. 1998 жылдан туған ауданындағы № 35 қазақ орта мектебі Тоқтыбаев есімімен аталады.

20 НАУРЫЗ

ЗАТАЕВИЧ Александр Викторович



Александр Викторович Затаевич (20 наурыз, 1869, Орёл облысы, Болхов қаласы - 6 желтоқсан, 1936, Мәскеу) — композитор, этнограф, музыка және қоғам қайраткері.

Ол алғашқы музыкалық білімін сол Орёл қаласындағы әскери гимназиядан алған.

Ол алғаш рет қазақтың халықтық музыкасы шығармаларымен 1920 жж. басында, Орынборда жүрген кезінен-ақ таныса бастайды. Сол кезеңнен бастап А. Затаевич өзінің болашақ қызметін аспаптық мұраларын тамаша үлгілерін жинау, оны насихаттаумен тығыз байланыстырады. А. Затаевич әнді қалада отырып тек кездейсоқ келгендерден жазып отыруды жөн көрмеді, елге шығады, Жайықтың бойын, Сыр, Ертіс өзендерін, Бөкей, Қарқаралыдалаларын аралайды. Замандар бойы жабылып жатқан қазақтың ән қазынасын көтереді.

Қазақтың көл-көсір мұрасын жинақтауды өзіне парыз санаған жанның бірі. 1920 жылы қиын-қысталаң кездерінде кездескен көлік атаулымен, болмаса, жаяу-жалпы аралап, халқымыздың ән-күйлерін музыка белгілерімен (нотамен) хатқа түсірген.

Халықтық кәсіби әнші-күйшілерінің шығармашылық қызметін, олардың орындаушылық шеберліктерінің сырын ашып, өте құнды мағлұматтар жинады. Ақан сері, Біржан сал, Абай, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай, Құрманғазы, Мұхит, Дәулеткерей, Тәттімбет, т.б. шығармаларын алғаш рет А. Затаевич жарыққа шығарды. Сөйтіп, ұлттық дәстүрлерді сақтаушылар мен дамытушылар жайында қайталанбас деректер жазып қалдырды. А. Затаевичтің еңбектері арқылы қазақ музыкасы дүние жүзіне тарады, бүкіл Еуропа елдеріне жетті,

алдыңғы қатарлы өнер иелерінен жоғары баға алды. Мұнда қазақ музыкасының көптеген теориялық және тарихи мәселелерінің беті ашылды. Халық композиторлары мен орындаушыларының шығармаларына берген мінездемелері де әлі өз бағасын жоғалтқан жоқ. А. Затаевич жинақтары қазақ халқының кәсіби музыкасының дамуына зор ықпал етті. Аталған жинақтардағы ән мен күйлер қазақтың кәсіби музыкалық жанрлары – опералық, симфониялық, камералық шығармаларында кеңінен пайдаланылды.

Шығармалары:

А. В. Затаевич. - Алма - Ата : Художественная литература, 1958.

Затаевич А. В. 1000 песен казахского народа : (песни и кюйи) - Москва : Музгиз, 1963.

Затаевич А. В. Песни разных народов - Алма-Ата : Жазушы, 1971 . – 310.

Затаевич А. В. Қазақтың халық әндері тақырыбы бойынша фортепианоға арналған пьесалар - Алматы : Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1957.

Ол туралы:

Левицкая, И. Живые драгоценности - Алматы : Жалын, 1976.

Композиторы Казахстана - Алма-Ата : Өнер, 1982.

1 МАМЫР

ЖАНСҮГІРОВ

Ілияс



Ілияс Жансүгіров – ақын, драмашы, прозашы, оның поэзиясы ұлттық әдебиеттің классикалық байлығының қатарына жатады, қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. 1894 жылы 1 мамырда Алматы облысының Ақсу ауданында дүниеге келген. Ташкенттегі екі жылдық мұғалімдік курсты бітіріп, өз ауылында мұғалім болған. Одан кейін аз уақыт «Тілші» газетінде істеп, Верныйдағы Қазақ ағарту институтының меңгерушілігіне тағайындалды. Мәскеудегі Коммунистік журналистика институтын бітірген, соң «Еңбекші қазақ» газетінде қызмет атқарды. 1932-1934 жылдары - Қазақстан Жазушылар одағы ұйымдастыру комиссиясының төрағасы. 1933-1936 жылдары Қазақ КСР Орталық атқару комитетінің мүшесі болды. 1938 жылы саяси қуғын-сүргін құрбаны болды.

I. Жансүгіровтың шығармашылығы көп қырлы, алуан сырлы. Ол поэзия, проза, драма саласында өнімді еңбектеніп, өзіндік қолтаңбасы айқын көркем шығармалардың маржан шоғырын дүниеге келтірген құнарлы да тегеурінді қаламгер. Қандай тақырыпқа қалам тербесе де ел қамы, халық тағдыры, ұлттың болмыс қасиеті оның шығармаларының алтын арқауы. Оның қаламынан туған «Күй», «Дала», «Күйші», «Құлагер» сияқты он беске жуық көлемді поэма қазақ поэзиясының інжу маржаны болып табылады. I. Жансүгіровтың прозалық шығармаларының ішіндегі көлемдісі - «Жолдастар» романы. Мұнда қазақ сахарасындағы еңбек адамдарының тұрмыс тіршілігін, азаттықты көксеген арман аңсарын, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің дүмпуін суреткерлікпен ашып көрсетеді. Қаламгер

әдебиет сыны мен аударма саласында да өнімді еңбектенді. А.Пушкиннің көптеген өлеңдерімен қоса, «Евгений Онегин» романын қазақ тіліне алғаш рет толық аударды. Сондай-ақ, М. Лермонтовтың, А. Горькийдің, Н. Некрасовтың, В. Маяковскийдің көптеген шығармаларын қазақ тіліне тәржімалады.

Талдықорған қаласындағы Жетісу мемлекеттік университетіне І. Жансүгіровтың есімі берілді. 1994 жылы университеттің қарсы алдындағы алаңға ақынның қоладан құйылған ескерткіші орнатылды. Талдықорғанда ақынның өмірі мен шығармаларына арналған әдеби-мемориалдық мұражай жұмыс істейді.

Шығармалары:

Жансүгіров І.Бес томдық шығармалар жинағы - Алматы : Жазушы, 1986. – Т. 1-5

Жансүгіров І. Шығармалар - Алматы : Қазақ. мем. көркем әдебиет басп., 1960 .- Т. 1-2

Жансүгіров І. Құлагер - Алматы : Жазушы, 2004.

Жансүгіров І. Дала Халықаралық Абай клубы, 2013.

Жансүгіров І. Жетісу. 1730-1916 - Алматы : Ценные бумаги, 2001.

Ол туралы:

Иманғазинов М. Илияс Жансүгіров ; әл-Фараби атындағы ҚҰУ - Алматы : Қазақ университеті, 2004.

Иманғазинов М. М. Илияс прозасындағы дәуір дидары - Талдықорған : 2000.

12 МАМЫР

ТЫНЫШБАЕВ Мұхаметжан Тынышбайұлы



Мұхаметжан Тынышбаев (1879-1937) — қазақтың көрнекті саяси және қоғам қайраткері, алаш қозғалысының негізін салушылардың бірі, Алаш Орда үкіметінің мүшесі және оның төрағасының орынбасары, тарихшы-ғалым, қазақтан шыққан тұңғыш теміржол қатынастарының инженері.

1879 жылы 12 мамырда бұрынғы Жетісу облысы, Лепсі уезі, Мақаншы-Садыр болысында (қазіргі Қабанбай ауданы) дүниеге келген.

1889-1900 жылдары Верный ерлер гимназиясында оқып, оны үздік бітіріп шығады. Верный гимназиясын алтын медальмен тәмамдады.

1900-1906 жылдары Санкт-Петербургтегі I Александр атындағы жол қатынасы инженерлерін даярлайтын институтта оқып, мұнда да ол ерен қабілетімен ұстаздарын таңқалдырып, институтты үздік бағамен бітіреді.

1911-1918 жылдары темір жолдың Урсатьев-Әндіжан бөлімшесінде бастық, бас инженер болып қызмет атқарды. Одан кейін Жетісу темір жол бөлімшесінің Арыс-Әулиеата құрылысын басқарды.

1917 жылғы желтоқсан айында жарияланған Алаш автономиясы үкіметінің он бес мүшесінің бірі болады, «Алаш автономиясы аумағындағы уақытша жер пайдалану туралы Ереженің» жобасын қабылдауға қатысады.

1918 жылы бүкілтүркістандық IV-ші мұсылмандар съезіне қатысып, онда жарияланған Түркістан («Қоқан») автономиясының премьер-министрі болып сайланады.

1919 жылы Бүкілодақтық Атқару комитеті бұрынғы алашордалықтарға кешірім жариялағаннан кейін, ол Түркістан өлкесінің Семей халық ағарту комиссариатында жауапты қызметтер атқарады.

Түркістан автономиясын Кеңес өкіметі күшпен талқандағаннан кейін М. Тынышпаев Алашорда қайраткерлерімен бірге сол кезде бірінен соң бірі құрылып жатқан көптеген әр түрлі үкіметтермен (Уақытша Сібір үкіметі, Уфа директориясы, Колчак үкіметтері сияқты) келіссөздер жүргізіп, хат-хабар жазысады, азамат соғысы жылдарында қызылдарға қарсы күреседі. Бірақ одан күткендей нәтиже болмайтынын көргеннен соң 1920 жылдан бастап, Кеңес өкіметінің жағына шығып, «буржуазиялық маман» ретінде Ташкентте, Қызылордада, Алматыда әр деңгейдегі шаруашылық мекемелерінде еңбек етеді.

1924 жылдан бастап қазіргі Абай атындағы ҚазҰПУде оқытушы болды.

1925-1926 жылдары жаңа астана Қызылорда қаласын көріктендіру жүйесінің бас инженері болып тұрғанда қаланы сумен қамтамасыз ету жолын және көптеген жаңа объектілер салу туралы ұсынады.

1926 жылдан бастап Тұрар Рысқұловтың қолдауымен Түркістан-Сібір жолын салуға қатысады.

Сталиндік зобалаңда ол 1930 жылы 3 тамызда тұтқындалып, бес жылға сотталып Воронежге жер аударылады.

1933-1937 жылдары ол айдауда жүріп Мәскеу-Донбас темір жол құрылысында жұмыс істейді.

Онда ауырып, оралғанымен 1937 жылы қараша айында қайта тұтқындалады да, 1937 жылы Ташкент түрмесінде «Халық жауы» деген желеумен атылады.

1959 жылдың 29-қыркүйегінде Мұхаметжан Тынышпаев Қазақ КСР-сы Жоғарғы сотының, және де 1970 жылы КСРО прокуратурасы мен Түркістан әскери округының прокурорының шешімімен ақталып шықты.

Шығармалары:

Тынышпаев М. *История казахского народа - Алматы : Санат, 2009.*

Тынышпаев М. *Политические выступления, научные труды, документы - Алматы : Қазақстан, 2009.*

Тынышпаев М. *История казахского народа- Алматы : Санат, 2002.*

Тынышпаев М. *Великие бедствия... - Алма-Ата : Жалын, 1992.*

Тынышпаев М. *Қазақ халқының тарихы: - Қарағанды : Болашақ-Баспа, 2010.*

Ол туралы:

Берлібаев Б. Т. *Отандық тарихи білімнің қазыналар: - Алматы : ҚБТУ, 2005.*

Дәуірдің жарық жұлдызы - Алматы : 2001.

23 МАМЫР

ДӨНЕНТАЕВ Сәбит



Сәбит Дөнентаев (23.05.1894—1933) — қазақ ақыны. Оның поэзиясы терең мазмұнды, ойлы болумен бірге көркемдік қырларымен, өзіндік өзгешеліктерімен де ерекшеленеді. Ең алдымен ақынның көптеген өлеңдерінде нақтылық сипат, тұжырымдылық басым. Оның поэзиясының тілі таза, қарапайым және сонымен бірге бейнелі де көркем. Сәбит поэзиясында сырттай жарқылдақтық, асқақ лептілік жоқ. Ол өмір шындығын боямасыз қалпында, реалистік сарында суреттейді.

Сәбит Дөнентаевтың шығармашылығына Абайдың, Крыловтың, Тоқайдың өлеңдері, мысалдары әсер етті.

1913 жылы «Айқап» журналында Сәбит Дөнентаевтың «Қиялдарым» өлеңі шығады. Бұл журналда кезінде Сұлтанмахмұт Торайғыров және тағы басқа қазақ ақындарының өлеңдері шыққан.

1915 жылы Үфі (Уфа) қаласында Сәбит Дөнентаевтың «Уақ-түйек» деген өлеңдер жинағы шығады. Ақын өз халқын қамын ойлап, оның өмірі, тағдыры, халі, тұрмысы туралы өлеңдер жазған, сатира ақыны болып, елін зорлайтын байлар мен патша өкіметіне күледі, әділет туралы ойлайды.

Ақынның «Бозторғай», «Көк төбетке», «У жеген қасқырға», «Екі теке» мысалдары бар. Бұл еңбектері Крыловтың шығармашылығының ақынына әсер еткенінен жазылған. «Биік тау», «Заман кімдікі» әділет туралы ойлайтын-толғайтын азаматының мұңдары. «Қазақтан шыққан білгендер» — жастарға үгіт-насихат. «Көркемтай» повесті жетімнің тағдыры туралы.

Шығармалары:

Дөнентаев, С. Ұрпағыма айтарым - Алматы : Жазушы, 1989.

Дөнентаев, С. Таңдамалы - Павлодар : ЭКО, 2011.

Сәбит Дөнентаев : 21- кітап - Павлодар : ЭКО, 2003.

Дөнентаев, С. Шығармалар - Алматы : Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1957.

Дөнентаев С. Бозторғай.- Алматы: Жалын, 1985.

Ол туралы:

Ысқақов Б. Сәбит Дөнентаевтың ақындық жолы - Алматы : Мектеп, 1966.

15 МАУСЫМ

ХАЙДАРОВ
Саламат

Саламат Хайдаров (15 маусым 1919, Атырау облысы Құрманғазы ауданы Нұржол ауылы) – журналист.

1974 – 1984 ж. «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің Маңғыстау облысындағы меншікті тілшісі, облысаралық «Аққұс» газетінде редактордың орынбасары болды.

Оның Маңғыстау өндірістік-аумақтық кешендерінің даму проблемалары, облыстың әлеум. қоғамдық өмірінің өткір мәселелерін көтерген мақалаларын және мұнайлы өлкенің еңбек озаттары жайындағы көркем очерктерін жұршылық жылы қабылдады.

«Өрлеу жолында» (1959), «Теңіз самалы» (1973) кітаптарының авторы.

Шығармалары:

Хайдаров С. Өрлеу жолында.- Алматы: Қазмембас, 1959.

Хайдаров, С. Теңіз самалы : - Алматы : Қазақстан, 1973.

Хайдаров С. Азамат сыры.- Алма-Ата: Қазақстан, 1971.

Хайдаров С. Жүрек сыры:- Алматы: Қазақстан, 1976.

14 ШІЛДЕ

ҚОНАЕВ Асқар Меңдіахметұлы



Асқар Меңдіахметұлы Қонаев (14.7.1929 жыл, Алматы қаласы – 31.3.1999 жыл, Алматы) – ғалым-металлург, техника ғылымдарының докторы (1970), профессор (1972), Қазақстан Ғылым Академиясының академигі (1981), Қаз КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1976).

1951 – 53 жылдары Теміртау металлургия зауытында болат қорытушы

1953 – 88 жылдары Қазақстан Ғылым Академиясының Металлургия және кен байыту институтында ғылыми қызметкер, институт директоры (1970 – 72)

1972 – 74 жылдары Қазақстан Ғылым Академиясының вице-президенті

1974 – 86 жылдары президенті

1996 – 99 жылдары Қазақстан Ғылым Академиясының Металлургия және кен байыту институтының құрметті директоры болды.

Негізгі ғылыми еңбектері кен өңдеудің физика-химия кешенді технологиясын дамытуға арналған.

Кремнийге бай сирек кездесетін металл кендері мен фосфориттердің тотығуын және қалпына келуінің жаңа заңдылықтарын тапты.

Қорғасын өндірісі қалдықтарын электротермиялық жолмен қайта өңдеу әдісін металлургия өнеркәсібіне енгізді (Қазақстан Мемлекеттік сыйлығы, 1972).

Басқа ғалымдармен бірлесіп, мыс, қорғасын және мырыш алу-дың КИВЦЭТ-тік технологиясын жасады (КСРО Мемлекеттік сыйлығы, 1978);

Қатарынан фосфор мен кешенді легирлеуші қорытпалар алу-дың жаңа технологиясын жасады (Қазақстан Мемлекеттік сыйлығы, 1982);

Өнеркәсіптік көлемде фосфорлы темір кенін өңдеу технология-сын жасап өндіріске енгізді (КСРО Мемлекеттік сыйлығы, 1984).

9 ТАМЫЗ

ӘБДІРОВ
Нұркен

Әбдіров Нұркен 1919 жылы 9 шы тамызда Қарқаралы өңірінде бұрынғы 5-ші ауыл, қазіргі Нұркен атындағы шаруашылық аумағында шаруаның отбасында дүниеге келген. Кейін ата-анасымен бірге Қарағандыға қоныс аударып, осы қалада әуе клубында ұшқыш мамандығын игерген. Соғыс басталғанда Нұркен Орынбор әуе училищесінде оқитын. Ол майданға аттануға ұмытыла берді, сондықтанда оны алдымен Ташкенттегі, одан кейін Сібір қалаларының біріндегі шабуылшы әскери ұшқыш дайындайтын курстарға жіберді.

Оқуды тәмамдағаннан кейін ол 267 әуе дивизиясының 808-ші шабуылшы полкы құрамында майданға аттанды.

Қазанның 23 күні тұңғыш рет әуе шайқасына аттанар алдында Нұркен былай деп жазған екен: «Егер біз фашистерді құртпасақ, олар біздің түбімізге жетеді. Сөйтіп қуанышты, бақытты өмірмен қоштасамыз...»

Барлығы 17 рет әуе шайқасына қатысқан Нұркен жаудың 18 танкісін, 46 жүк машинасы мен көлігін, оның ішінде оқ дәрі тасыған 18 керуенді, жанар май құйған 3 цистернаны талқандап, зенит қондырғыларының бесеуін, бірнеше жабық атыс ұясын, талай жау әскерін құртты.

1942 жылы желтоқсанның 19-да біздің батыр жерлесіміз өзінің серігі, атқыш әрі байланысшы Саша Комиссаров екеуі соғыс аспанына соңғы рет самғап шыққан еді. Боков - Пономорев станциясы

маңайында олар тас құрсаңған жаудың үлкен алты танкін, бірнеше атыс ұясын, зенит артиллериясының екі қондырғысын жойып жіберді.

Осынау теңдесі жоқ ерлігі үшін Нұркен Әбдіровке 1943 жылғы наурыздың 31-де еліміздегі ең мәртебелі атақ – Кеңес Одағының Батыры атағы берілген еді.

Сарыарқа сұңқары осылай мерт болды. Оның қаһармандығы бүкіл елге жайылды. Қарағанды енбеккерлері, олардың ішінде кеншілер Нұркен Әбдіров атындағы самолетке қаржы жинап, жауға аттандырды. Бұл самолет кейін Жеңіске дейін қатарда болды.

Ростов облысындағы Боков станциясының іргесіндегі Конек ауылында жерленген Нұркеннің басында қызыл тастан қашалған ескерткіш бар. Қарағандының қақ ортасында батыр Нұркен бейнесі мәңгілікке орнықты, Нұркен ауылында да ескерткіш орнатылды. Кеншілер астанасының әсем спорт сарайы батыр жерлесіміздің есімін иеленген. Қазақ батырының ерлігі қанша жыр - хикаяға, ән мен әңгімеге арқау болды.

Боков орта мектебіндегі отрядтардың бірі Нұркен атында. Батырдың анасы Бағжан Боков станциясының құрметті азаматы болып табылады. Вешенскаядағы мекенінде М. А. Шолохов Нұркеннің анасын мейман еткенін білеміз.

Қарапайым қазақ баласы Н. Әбдіровтың өмірі мен ерлігі қаһарман, қаншыл қазақ ұлтының бойындағы игі қасиеттердің айнасындай әлемге шұғыла шашып тұр.

9 ҚЫРКҮЙЕК

СМАҒҰЛОВ
Қайырғали

Қайырғали Смағұлов (5.9.1919, Атырау қаласы - 23.10.1993, сонда) - 2-дүниежүзілік соғысқа қатысушы, кіші лейтенант. Кеңес әскері қатарына 1939 жылы шақырылған. 1941 жылдың маусымынан Солтүстік Кавказ майданы 18-армия 318-атқыштар дивизиясы 1339-атқыштар полкі құрамында Ұлы Отан соғысына қатысқан. Оның айрықша қайсарлығы, әсіресе, Керчь түбегіндегі ұрыста байқалды. Десантшы жауынгерлерден құрылған 20 сарбаз 44 күн бойы жау қыспағына төтеп берген. Смағұлов жеке өзі Ельтиген (Украина, Қырым түбегі, Эльтиген) қыстағы үшін болған ұрыста жаудың 20-ға жуық әскерін жойған. Смағұловқа батылдығы үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді (17.11.1943). 1946 жылы запасқа шықты. 1950 жылы Алматыдағы партия мектебі жанындағы курсты бітірген. 1955 жылы №12 кәсіптік-техникалық училищесінің директоры қызметін атқарған. Батырдың өмірі мен ерлігі F. Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» шығармасына арқау болған.

Соғыстан кейінгі жылдары аймақтың әлеуметтік қамсыздандыру жұмыстарына басшылық жасады. 1963-1973 жылдар аралығында Атырау университетінде Азаматтық қорғаныс кафедрасында еңбек етті.

Теңдік атындағы (Атырау қалалық әкімдігі аумағында) орта мектепке Смағұловтың есімі берілген. Ленин, I-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

7 ҚЫРКҮЙЕК

ОМАРОВ
Рүстембек Бейсенұлы

Рүстембек Бейсенұлы Омаров (7 қыркүйек 1919, Павлодар облысы Лебяжье ауданы Шарбақты ауылы – 6 маусым 1988, Алматы) – күйші, домбырашы.

Қазақстанның халық әртісі (1976). 2-дүниежүзілік соғысқа қатысқан. Омаров домбыра тартуды әкесінен үйренген. 1934 жылы

А. Жұбановтың жетекшілігімен құрылған халық аспаптар оркестрінде домбырашы, кейін домбыра тобының концертмейстері және жеке домбырашы қызметін атқарды. 1937 – 39 жылы қазіргі Санкт-Петербург қаласындағы музыкалық училищеде, 1946 жылы Алматы консерваториясында оқыды. Бұдан кейінгі шығармашылық қызметін ұстаз ретінде консерваторияда, домбырашы ретінде Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестрінде қатар жүргізді. Ө. Есқалиев, І. Ахмедияров сынды көптеген күйші-домбырашыларды тәрбиеледі. Омаров қазақ халқының күй мұрасын, әсіресе, Құрманғазы күйлерін, оның орындаушылық дәстүрін жетік меңгерді.

10 ҚЫРКҮЙЕК

ҚОЖАНОВ
Сұлтанбек Қожанұлы

Сұлтанбек Қожанұлы Қожанов (10.9.1894, Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы Ақсұмбе ауылы – 10.2.1938, Мәскеу) – мемлекет және қоғам қайраткері, ұстаз, ғалым, публицист. Түркістандағы 4 сыныптық орыс бастауыш мектебін (1910), 3 сыныптық қалалық мектепті (1913), Ташкент мұғалімдер семинариясын тәмамдаған. Мәскеуде БК(б)П ОК Марксизм-ленинизм курсы (1927) бітірген.

1919 – 20 жылы Сырдария уезі төрағасының орынбасары, Түркістан уездік-қалалық атқару комитетінің, Сырдария облыстық революциялық кенттің төрағасы болды.

Мәскеу, Петроград секілді ірі қалаларда жоғары оқу орындарында білім алып жатқан түркістандық жастарға материалдық көмек көрсетуде бірқатар іс-шараларды жүзеге асырды. Түркістанда баспасөздің және ұлттық театрдың өркендеуіне елеулі үлес қосты. “Ақ жол” газетін шығаруды ұйымдастырып, оның алғашқы редакторы болды.

Ол 1937 жылы 16 шілдеде Ташкентте тұтқындалып, саяси қуғын-сүргін құрбаны болды. 1957 жылы ақталды. Алматы, Шымкент қалаларындағы көшелерге Қожанов есімі берілген. Түркістанда ескерткіш қойылған.

Шығармалары:

Қожанов С. Шығармалары. Алматы, 2009.

Қожанов С. Құжаттар мен материалдар - Алматы : Жалын баспасы, 2013.

Ол туралы:

Қамарұлы, Т. Сұлтанбек - дастан - Астана : Елорда, 2008.

Сұлтанбек Қожанов = Султанбек Ходжанов - Алматы 1994 . – 586.

Әбікей А. М. Сұлтанбек Қожановтың қоғамдық-саяси және ғылыми-педагогикалық қызметі- Түркістан :2014.

Шәріпов, А. Ж. Сұлтанбек Қожанұлының әдеби-публицистикалық мұрасы- Алматы, 1994.

Әлмашұлы Ж. Сұлтанбек Қожанов: тарихи-ғұмырнамалық толғам - Алматы : Арда, 2005.

Шәріпов, А. Ж. Сұлтанбек Қожанұлы – әдебиетші - Алматы : Ер-Дәулет, 1994.

15 ҚАЗАН

**СЕЙФУЛЛИН
Сәкен (Сәдуақас)**

Сәкен (Сәдуақас) Сейфуллин (15 қазан 1894 Ақмола уезі, Ақмола облысы, Ресей империясы - 25 ақпан 1939, Алматы, Қазақ КСР, КСРО) - қазіргі қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, ақын және жазушы, қоғам, мемлекет қайраткері. Қазақстан Жазушылар одағының негізін қалаушы. Алғашқылардың бірі болып Қырғыз АКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы (1920-1925) (Премьер-Министр) қызметін атқарды.

1905 жылдан бастап 1908 жылға дейін Спасск мыс балқыту жанындағы орыс-қазақ мектебінде оқыған, содан кейін Ақмола үш сыныптық қалалық училищеде оқыды. Сонымен қатар, 1912 жылы Сәкен медресе оқушыларын орыс тіліне дайындайды. 21 тамыз 1913 жылы Сейфуллин Омбы педагогикалық семинариясына келді, онда ол Мағжан Жұмабаевпен оқыған.

1914 жылы Сәкен Омбыда «Бірлік» («Единство») қазақ жастарының тұңғыш мәдени және білім беру қоғамның көшбасшыларының бірі болды. 1914 жылы ол өзінің «Өткен күндер» атты өлеңдер жинағын жариялады.

1916 жылдан 1 қыркүйектен бастап С. Сейфуллин Бұғылы мектебінде оқытушы болып қызмет атқарады.

1917 жылы 9 наурызда ол Ақмола, көшіп келіп, онда Ақпан төңкерісі туралы «Біз асығыс жиналды» атты өлең жазған.

1917 жылдың сәуір айында, Сәкен Сейфуллин, «Жас қазақ»

(«Жас қазақ») саяси және әлеуметтік-мәдени қоғамын құрады. 1917 жылғы шілдеде Сәкен «Тіршілік» газетін шығаруға қатысады.

1938 жылы «ұлтшыл буржуа» деген айыппен тұтқындалып, 1939 жылы 28 ақпанда Алматы НКВДсының қабырғасында атылды.

Ол Сталин қайтыс болған кейін 1953 жылы ақталған.

Еңбектері:

Сейфуллин С. Көкшетау - Алматы : Жазушы, 2004.

С. Сейфуллин, - Алматы : Жазушы, 1974.

С. Сейфуллин, Тау ішінде - Алматы : «Олжас кітапханасы» 2012.

С. Сейфуллин, Аққудың айрылуы / - Алматы : Атамұра, 2003.

Ол туралы:

Кәкішев, Т., Сәкен Сейфуллин - Алматы : Жалын, 1976.

Қирабаев, С., Сәкен Сейфуллин - Алматы : Жазушы, 1974.


Камалиева, К., Сәкен Сейфуллиннің ағартушылық қызметі - Алматы : Мектеп, 1983.

Т. Кәкішев, Сәкен сүйген сұлулар - Алматы : Атамұра, 1997.

А. Ф. Кәкен, Сәкен тағылымы - Астана : Сарыарқа, 2014.

С. Тұрғынбекұлы, Сәкен - сұңқар - Астана : Парасат Әлемі, 2004.

15 ҚАРАША

МАЙЛИН
Бейімбет Жармағамбетұлы

Бейімбет Жармағамбетұлы Майлин (15 қараша 1894, облысы, Таран ауданы - 10 қараша 1938) — қазақтың көрнекті жазушысы, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі.

Сауатсыздықты толық жою ұранын алға тартты «Сауаттылығы төмендерге арналған оқу кітабын» (1929); «Күш» - сауаттылығы төмендерге арналған оқулықты (1930); «Жаңаша оқы және жаз» құралын (1931) және Ғабит Мүсіреповпен және А. Ситдықовпен бірге «Сауатсыздарға арналған әліппені» (1935-1936) жазып шығарды.

Алғаш ауыл молдасынан оқып сауат ашқан.

1911-1915 жылдар аралығында Троицк қаласындағы Уәзифа медресесінде, Қостанайдағы орысша қазақша мектепте, Уфадағы Медресе Ғалияда оқып білім алған.

1916-1919 жылдары мұғалім болады, жазушылықпен шұғылдана бастайды. «Қазақ», «Ауыл» газеттері мен «Айқап», «Садақ» (Садақ журналы) журналдарына жазып тұрады.

1920-1922 жылдары газетті жасауға алғаш шығарушылар алқасы басшылық жасап, кейін жекелеген тұлғалар келе бастаған тұста басылымға Бейімбет Майлин секілді жеті-сегіз адам жетекшілік еткені мәлім. Содан соң, «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде қызмет істеп (1922-1923), Қостанайдағы губерниялық «Ауыл» газетінде шығарды (1925).

1938 жылы жазықсыз тұтқындалып, қызыл қырғын саяси репрессияның құрбаны болды.

Бейімбет қазақ поэзиясында поэма жанрының өрісін ұзартып, өресін биіктетуге қомақты үлес қосқан. Оның «Байдың қызы», «Рәзия қызы», «Қашқын келіншек», «Зайкүл», «Маржан», «Өтірікке бәйге», «Хан күйеуі» «Кемпірдің ертегісі», «Бөліс», «Мырқымбай» поэмалары тақырыбының әр алуандығымен, оқиғалық тартымдылығымен, өзіндік тіл стилімен қазақ поэзиясының көрнекті үлгілерінің бірі болып табылады.

Бейімбет Майлиннің шығармалары қазақ әдебиетін барлық салада байытқан рухани асыл қазына ретінде халқымен мәңгі бірге жасайтын болады

Шығармалары:

Майлин Б. Шығармалар - Алматы : Көркем әдебиет, 1962 .– Т.1-4

Майлин Б. Көп томдық шығармалар жинағы.- Алматы : Қазығұрт, 2008. – Т.1-

13

Майлин Б. Шұғаның белгісі - Алматы : Жазушы, 1981.

Майлин Б. Қызыл жалау - Алматы : Жазушы, 1979.

Майлин Б. Азамат Азаматыч - Алматы : Жазушы, 2009.

Майлин Б. Памятник Шуге - Астана : Аударма, 2003.

Ол туралы:

Байменшин С. Майлының Бейімбеті : - Алматы : Білім, 1994.

Наурызбаев, Б. Қазақ прозасындағы Б.Майлин дәстүрі - Алматы : Ғылым, 1979.

Бейісқұлов Т. Бес томдық жинағы - Алматы : Тоғанай Т, 2008 .- 1-5 том.

Байменше С. Бейтаныс Бейімбет - Астана : Елорда, 2001.

Ордалиев С. Сөз зергері - Алматы : Жазушы, 1982.

Нұртазин Т. Заман және әдебиет - Алматы : Әдебиет Әлемі, 2014.

29 ҚАРАША

ҚАМЗИН
Қанаш

Қанаш Қамзин — 429-шы ату полкінің рота командирі (52-ші ату дивизиясы, 57-әскер, 3-ші Украина майданы), лейтенант. Ол 1919 жылы 29 қарашада Павлодар облысы Ақсу ауданы Жолқұдық ауылында (бұрынғы Ермак) қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. Ұлты — қазақ. 1931-1934 жылдар аралығында Павлодар қаласының қазақ-комунна мектебінде оқыған. Оқуын Алматы қаласында одан әрі жалғастырды.

1938 жылы жұмысшылар факультетін тәмамдап, 1941 жылы Абай атындағы Алматы педагогикалық институтын бітірді. 1941 жылың шілдесінде Алматы қалалық военкоматымен қызыл Армия қатарына шақырылды. Сталинград жаяу әскерлер училищесінің жедел курсын аяқтаған.

1943 жылдан бастап, қан майданда болды. 1944 жылдың жазына қарай лейтенант Камзин 52-ші ату дивизиясының 429-шы ату полкіне басшылық етті. Молдавияны жаудан босатуда және Днестр өзенінің маңында өткен шайқаста ерекше көзге түсті. 1944 жылдың 13 сәуірінің түнінде лейтенант Камзин ротамен бірге бірінші болып, Днестр өзенін Бычок ауылы маңында босатты (Молдавияның Григориополь ауданы). Плацдармды басып алып, рота қарсыластың мықты бекінген қорғанысын бұзып өтеді. 1944 жылдың 14 сәуірінде ротаны шабуылға көтеріп, өзі Гура-Выкулай ауылының шетінде қаза

табады. Молдавияның Новоаненск ауданы Гура-Выкулай ауылында жерленген.

1944 жылдың жылдың 13 қыркүйегінде жарық көрген КСРО-ның жоғарғы кеңесінің Президиумының нұсқауымен берілген тапсырмаларды үлгілі орындағаны және батырлығы мен ержүректілігі үшін Қанаш Камзинге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Ленин орденімен марапатталған.

Ақсу ауданында өзінің туған ауылына Қанаш Камзин аты берілді. Оның есімі Молдавияның астанасы Кишинев қаласындағы Жеңіс аркасында мәңгіге қашалып жазылған. Марапаттау парағынан:

1944 жылдың 12-сінен 13-сіне қараған түні қарсыластың қатты артиллериялық және миномет-пулеметтік отының күштілігіне қарамастан, бірінші эшелонда өзі үдемелі қарқынмен соғысқа араласып, сосын Днестр өзенінің маңындағы Молдавия КСР-ының Тирасополь ауданындағы Вичен ауылында да қарсыластан Молдавияны босатуда аса белсенділік танытты.

Өзенді босатқаннан кейін ротаны айқасқа өзі бастап апарып, өзеннің оң жағалауындағы плацдармды басып алып, жауынгерлерге ерлік пен батылдықтың үлгісі болды.

Оң жағалауды қарсыластың қатты басып алғанына қарамастан, (екі траншей, доттар, дзоттар мен басқа да бекіністер) ол өзінің ротасымен траншеяның бірінші және екінші сызықтарын тез басып өтіп, Гура-Высулай ауылының оңтүстігіне кіреді. Өзінің ротасымен Қ. Камзин батырлық танытып, Гура-Выкулай ауылының 65 метрлік биіктігіне қарамастан, биіктікті басып алып немістерді қуып шығады және 20 офицерлерді жойды.

6 ЖЕЛТОҚСАН

КЕКІЛБАЕВ
Әбіш Кекілбайұлы

Әбіш Кекілбайұлы (6 желтоқсан 1939 жыл, Оңды ауылы, Маңғыстау облысы - 11 желтоқсан 2015 жыл, Астана қаласы) - Қазақстанның халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері. Қазақстан Республикасының алғашқы Мемлекеттік хатшысы (1996-2002), Парламент Сенатының депутаты (2002-2015).

Әбіш Кекілбайұлының алғашқы өлеңдер жинағы «Алтын шуақ» 1962 жылы, «Бір шөкім бұлт» 1965 жылы жарық көрді.

Ауыл өмірінен жазылған повесть, әңгімелер жинағы «Дала балладалары» - Әбіш Кекілбайұлының кең тынысты эпик, суреткерлік болашағын танытады. 1974 жылы «Дәуірмен бетпе-бет» сын мақалалар жинағы, «Бір уыс топырақ», 1979 жылы «Тырау тырау тырналар», Маңғыстау түбегінің өткені, бүгіні, болашағы туралы «Ұйқыдағы арудың оянуы» тарихи танымдық баян, 1982 жылы «Шыңырау» повестер жинағы, 1992-93 жылдары Таңдамалы екі томдық, 1995 жылы «Заманмен сұхбат» 1998 жылы «Азаттықтың ақ таңы», публицистикалық мақалалары, толғамдары, 1999 жылы 12 томдық шығармалар жинағы жарыққа шықты.

Әбіш Кекілбайұлының «Үркер» (1981), «Елең-алаң» (1984) романдары қазақ әдебиетінің үлкен табысы ретінде бағаланып, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығын алды.

2001 жылы шыққан «Талайғы Тараз», 2002 жылы шыққан «Шандоз» тарихи тақырыпты ғылыми дәйекпен, дерекпен түсінікті ұғымды етіп жеткізудің жаңа бағыт-бағдарын белгілеп берді. 2009 жылы «Сыр десте» деп аталатын автордың көп жылдық ой-толғаулары, эссе, естелік, сөйлеген сөздерінің 5 томдық жинағы жарыққа шықты.

Әбіш Кекілбайұлының көптеген шығармалары ТМД халықтары мен шетел тілдеріне аударылған. Ол ҚазССР Мемлекеттік сыйлығының 1986, Қазақстан Республикасы Президентінің бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының 1995, «Отан» орденімен 1999, Түркі елдері қауымдастығының шешімімен «Түркі дүниесіне сіңірген еңбегі үшін сыйлығын» алады. 2003 жылы «Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев» орденімен марапатталды.

Шығармалары:

Әбіш Кекілбаев: энциклопедия. - Алматы : Арыс, 2018.

Кекілбаев Ә. Дала балладалары - Алматы : Жазушы, 2002.

Кекілбаев Ә. Аңыздың ақыры - Семей : Халықаралық Абай клубы, 2016.

Кекілбаев Ә. Заманмен сұхбат - Алматы : Жазушы, 1996.

Кекілбаев Ә. Махаббат мұнарасы - Алматы : Раритет, 2005.

Ол туралы:

Дүйсенбаева Ж. Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы тарих тағылымы - Алматы : Арыс, 2007.

Назарбекұлы С. Менің Әбішім - Астана : Фолиант, 2016.

Сағындырған асылдар - Астана :, 2016.

Мұқанов Ж. Жүз күндік жалғыздық - Астана : Ақ Жайық, 2016.

15 ЖЕЛТОҚСАН

ЫСМАЙЫЛОВА
Гүлфайрус Мәнсүрқызы

Гүлфайрус Мәнсүрқызы Ысмайылова (15 желтоқсан 1923, Алматы — 12 мамыр 2013, Алматы) — қазақ кескіндемешісі, театр және кино суретшісі. Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген өнер қайраткері (1965). Қазақстанның халық суретшісі. «Платинды Тарлан» сыйлығының иегері (2002).

Шын есімі — Күлпәш Тансықбайқызы Қоңарбаева. Гүлфайрусты кішкентай кезінен Мәнсүр Ысмайылов асырап алған, ол оның бес қыздарының үлкені болды.

1949 жылы Алматы көркемсурет училищесін бітірген.

1956 жылы Ленинградтың Репин атындағы кескіндеме, мүсін және сәулет өнері институтын (М.П. Бобышевтің кескіндеме класы бойынша) бітірді.

1947-1949 жылдары Қазақ консерваториясының вокальдық факультетінде оқыды.

1956-57 жылдары Алматы көркемсурет училищесінде сабақ берді.

1971—1974 жылдары Қазақтың опера және балет театрында бас суретші.

2013 жылы Алматыда қайтыс болды.

Г. Ысмайылова бірнеше опера (Брусиловскийдің «Ер Тарғыны», 1967; Мұхамеджановтың «Жұмбақ қызы», 1972; Пуччинидің «Чио-Чио-Саны», 1972), балет (Тілендиев, Манаев және Степановтың «Достық жолымен» және Великановтың «Қамар сұлуы», 1958), спектакль (Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш-Баян сұлуы», 1958) және кинофильмдерге («Қыз Жібек», 1969-71) декорация мен костюмдер эскиздерін жасады. Ол — «Күләш Байсейітова Қыз Жібек рөлінде» (1962), «ұйғыр қыздары» (1966) картиналарының, «Халық шеберлері» триптихының (1967), Ш.Б. Жиенқұлова (1958), Ш.И. Жандарбекова (1960-1961), Б.А. Төлегенова (1963-1964), Ә. Қастеев (1966) портреті мен көптеген натюрморттардың авторы.

Ол туралы:

Евгений Сидоркин. Гюльфейрус Ысмайылова. Вадим Сидоркин] - Алматы : БПКА, 2016.

16 ЖЕЛТОҚСАН

ТӨЛЕГЕНОВА
Бибігүл Ахметқызы

Бибігүл Ахметқызы Төлегенова (16 желтоқсан 1929 жылы туған, Семей қаласы) — қазақ әншісі (лирикалық-колоратуралық сопрано), КСРО халық әртісі (1967).

1954 жылы Қазақ консерваториясын (Н. Самышинаның ән класы бойынша) бітірді. Ән айтуды көркем-өнерпаздар үйірмесінен бастады. Б.Төлегенованың әншілік талантын танып, оның өнер жолына түсуіне бағыт сілтеген әрі алғаш дәріс берген кеңес жазушысы Г.И. Серебрякова (сол кезде Семейде тұрған) болды.

Б. Төлегенова еңбек жолын 1946 жылы Семейдің ет комбинатында жұмысшылықтан бастады. Бірсыпыра уақыт қазақтың опера және балет театрында істеді.

1965-1971 жылдары қазақ филармониясының әнші-солисі болды.

1971 жылдан Қазақтың опера және балет театрында еңбек етеді.

Б. Төлегенова өнері республика, одақ көлемінде ғана емес, бүкіл дүние жүзіне танылды. Гастрольдік сапармен Үндістан, Алжир, Египет, Сирия, Вьетнам, Польша, Чехословакия, Канада, Швеция, Франция, Италияда болып, өнер толғады.

Б. Төлегенованың қайталанбас орындаушылық өнерінің қайнар бұлағы ең алдымен қазақтың халық әндеріне саяды. Әншінің алуан тақырыпты репертуарында қазақтың халық әндері («Гауһар тас»,

«Жиырма бес»), Қазақстан композиторларының шығармалары (Хамидидің «Бұлбұлы», Брусиловскийдің «Қос қарлығашы», Төлебаевтың «Еске алуы», Рахмадиевтің «Тарантелласы», Мұхамеджановтың «Көктем вальсі», Тілендиевтің «Кел еркем, Алатауыма»), сондай-ақ П. П. Чайковский мен С. В. Рахманиновтың романстары, Н. А. Римский-Корсаковтың операларынан ариялар және Батыс Еуропа сазгерлерінің (Доницетти, Григ, Шуберт) шығармалары да бар. Б. Төлегенова өзінің концерттік-орындаушылық өнерін шеберліктің жоғары сатысына көтеріп, классикалық дәрежеге жеткізді. Бұл тұрғыда ол «қазақ бұлбұлы» атанған К. Байсейітованың орындаушылық шеберлігін жалғастыруда. Төлегенова опера өнеріне де елеулі үлес қосып, Жібек (Брусиловскийдің «Қыз Жібегінде»), Гүлбаршын (Рахмадиевтің «Алпамысында»), Еңлік (Жұбановтың «Еңлік—Кебегінде»), Джильда, Виолетта (Вердидің «Риголеттосы» мен «Травиатасында») т. б. партияларды орындады.

Ол туралы:

Серкебаева И. Бибігүл Төлегенова: сүйіспеншілік, үміт және сенім - Алматы : Атамұра, 2014.

Бибігүл Төлегенова : - Алматы : Өнер, 2011.

Бибігүл Төлегенованың VII Халықаралық вокалистер конкурсы 2014 жылдың 19-27 қыркүйегі, Астана - Астана : Атамұра, 2014.

Бибігүл Төлегенованың VIII халықаралық вокалистер конкурсы. 2016 жылдың 19-26 қыркүйегі, Алматы - Алматы : Атамұра, 2016.

17 ЖЕЛТОҚСАН

ШОНАНОВ
Телжан Шонанұлы

Белгілі қоғам қайраткері, энциклопедист-ғалым **Телжан Шонанұлы** 1894 жылы 17 желтоқсанда сол кездегі бөлініс бойынша Торғай облысы Ырғыз уезі Аманкөл болысы № 4 ауылда (қазір Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы Аманкөл ауылы) туған.

Ол 1908–1912 жылдар аралығында Ырғыздағы орыс-қазақ училищесін өте жақсы бағамен оқып бітіреді. 1912–1916 жылдары Орынбордағы қазақ мұғалімдер институтында оқиды. Орынборда оқыған кезінде қазақ жастарының мәдени-ағарту бағытында құрылған «Игілік» ұйымын ұйымдастыруға белсене араласып, «Қазақ» газетіне халық ағарту мәселелері бойынша мақалалар жариялайды. Институтты бітіргеннен кейін алты жыл мектепте жұмыс істеге міндеттеледі.

Т. Шонанов 1916–1921 жылдарда Ырғыз уезінде мұғалім, аудармашы қызметін атқарды. Оның ең елеулі қызметі — жиырмасыншы жылдары Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасының Халық ағарту комиссариаты (ХАК) жанындағы Академиялық Орталықтағы білікті нәм жауапты маман ретіндегі жұмысы еді. Бұл Телжан өмірінің 1922–1926 жылдардағы Орынбор кезеңі болатын. Ол 1923 жылы 15 сәуірде «Қазақ өлкесін зерттеу қоғамына» мүше болып, латын әліпбиін енгізуді жақтаған зиялылар тобында болды.

Т. Шонанұлы 1926–1929 жылдары Қызылордада Қазақ Халық ағарту институтында оқытушы болып жұмыс істеді. Осында жүріп 1926–1928 жылдары «Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының» тарих-этнография секциясының төрағасы болды. 1929 жылы Алматыға көшіп келіп, Қазақ АКСР-і ХАК-да қызмет атқарды. 1934 жылға дейін ҚазПИ-де оқытушылықпен айналыса жүріп, мектепке арналған оқулықтар мен оқу бағдарламаларын жазды. 1935 жылдан бастап Қазақ мемлекеттік университетінде (қазіргі ҚазҰУ) қазақ тілінің доценті болып еңбек етті.

«Қазақ жері мәселесінің тарихы» атты арап әрпімен, 3 мың таралыммен шыққан еңбегі басқаларына қарағанда ұлттық мүддеде жазылуымен, тарихи оқиғаларды шынайы көрсетуімен ерекшеленеді. Телжанның 17 бөлімнен тұратын осы ғылыми-зерттеу еңбегі 1923 жылы жазылып, 1926 жылы Ташкентте басылып шыққан.

